

Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға 2006 жылға арналған квота белгілеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 29 желтоқсандағы N 1310 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға 2006 жылға арналған квота республиканың экономикалық жағынан белсенді халқына шаққанда 0,70 пайыз мөлшерінде, оның і ш і н д е :

бірінші және екінші санатқа (ұйымның басшы құрамы, жоғары және орта кәсіптік білімі бар мамандар) - 0,25 пайыз;

үшінші санатқа (білікті жұмысшылар) - 0,32 пайыз;

төртінші санатқа (маусымдық ауыл шаруашылығы жұмыстарымен айналысатын жұмысшылар) - 0,13 пайыз мөлшерінде белгіленсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.02.13. N 98 , 2006.04.11. N 264 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен .

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі